ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
басшысының 2026 жылғы
21 қыркүйектегі № 58-Н
бұйрығына 1-қосымшасы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы **ЕРЕЖЕСІ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен өзгерістер енгізілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге (бұдан әрі – Үлгілік ереже) сәйкес әзірленді және Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыратын Жауапты тұлғаның құзыретін, ұйымдастырылуын және жұмыс тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже Кәсіпорынға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, басшылары мен жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау мәселелеріне қатысты бөлігінде қолданылады.

3. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. **Кәсіпорын-**шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2. **Жауапты тұлға** - Қазақстан Республикасының заңнамасына және Үлгілік ережеге сәйкес Кәсіпорын басшысының бұйрығымен айқындалған, оған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындау жүктелген Кәсіпорын жұмыскері;

3. **Комплаенс-офицер** - осы Ережеде, Кәсіпорынның ішкі құжаттарында және кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын Жауапты тұлғаның жұмыс атауы;

4. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** - Кәсіпорынның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіруге бағытталған қызмет;

5. **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6. **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару** - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау, алдын алу, төмендету, жою және мониторингтеудің жүйелі процесі;

7. **мүдделер қақтығысы** - Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделер лауазымдық өкілеттіктерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға алып келеді немесе алып келуі мүмкін;

8. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет** - сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға, адалдық қағидаттарын сақтауға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға бағытталған құндылықтар, ұстанымдар мен мінез-құлық үлгілерінің жүйесі;

9. **контрагент** - Кәсіпорын азаматтық-құқықтық немесе өзге де қатынастарға түсетін немесе түсуге ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

10. **контрагенттің сенімділігін кешенді тексеру** - контрагентпен өзара іс-қимылдың сыбайлас жемқорлық, беделдік және өзге де тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беретін мәліметтер мен мән-жайларды зерделеу жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

11. **бұзушылық туралы хабарлама** - болжамды немесе нақты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың, ішкі құжаттардың не адалдықтың өзге де талаптарының бұзылуы туралы ақпарат.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын;
2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын;
3. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;
4. Үлгілік ережені;
5. квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді;
6. осы Ережені;
7. Кәсіпорынның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін жетілдіру кезінде Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Үлгілік ережеге қайшы келмейтін бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттардың, оның ішінде ISO 37001:2025 стандартының талаптары мен тәсілдерін қолдануға құқылы.

6. Халықаралық стандарттарды қолдану Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны, штат саны, ұйымдық құрылымы, қызметінің сипаты, жауапкершілік саласы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

7. Халықаралық стандарттарда Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, мұндай талаптар мен тәсілдерді Кәсіпорын басшысы бекітеді және олар Үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

8. Осы Ереже Қазақстан Республикасының тікелей қолданылатын заңнама нормаларын қолдануды шектемейді.

Осы Ереже мен Қазақстан Республикасының заңнамасы арасында қайшылық болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыру

9. Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын, штат санын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып, Кәсіпорын Үлгілік ережеде көзделген дербес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құру шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын Жауапты тұлға жүзеге асырады.

10. Жауапты тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын және ықтимал мүдделер қақтығысын ескере отырып, Кәсіпорын басшысының бұйрығымен айқындалады.

11. Жауапты тұлғаның функциялары осы Ережеге, Жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығына және Кәсіпорынның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жауапты тұлға комплаенс-мониторингінің нысанасы болып табылатын Кәсіпорынның атқарушы органынан, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінен тәуелсіз түрде өз функцияларын жүзеге асырады.

13. Кәсіпорында директорлар кеңесі, байқау кеңесі не өзге де тәуелсіз басқару органы болмаған жағдайда, Жауапты тұлға Кәсіпорын басшысына есеп береді.

14. Жауапты тұлғаның тәуелсіздігі мыналарға жол бермеуді білдіреді:

1. оның қызметіне заңсыз араласуға;
2. қорытындыларды, ұсынымдарды, есептерді және өзге де құжаттарды дайындау кезінде ықпал етуге;
3. ақпаратқа, құжаттарға және ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді негізсіз шектеуге;
4. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бұзушылықтарды жасыруды, өзгертуді немесе көрсетпеуді талап етуге;
5. функцияларды объективті және тәуелсіз орындауға кедергі келтіретін өзге де әрекеттерге.

15. Жауапты тұлғаға сатып алуға, қаржыға, бухгалтерлік есепке, кадрлық және шарттық жұмысқа, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жауапты тұлға тарапынан мониторинг жүргізілетін процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.

16. Жауапты тұлға Кәсіпорын басшысының немесе құрылымдық бөлімшелердің орнына басқарушылық шешімдер қабылдамайды және олардың функцияларын алмастырмайды.

17. Кәсіпорын Жауапты тұлғаға оның функцияларын орындауы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат пен құжаттарға, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізуді, сондай-ақ қажетті кадрлық, ұйымдық және техникалық ресурстарды қамтамасыз етеді.

18. Жауапты тұлғаның қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қол жеткізуді негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оған ықпал етуге жол берілмейді.

19. Қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қол жеткізу негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда немесе мүдделер қақтығысы болған кезде Жауапты тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Кәсіпорын басшысына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

20. Жауапты тұлға тиісті оқыту іс-шараларына қатысу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс саласындағы кәсіби біліктілігін тұрақты арттыруды қамтамасыз етеді.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің мақсаты мен қағидаттары

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету, Кәсіпорын мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды тұрақты жетілдіру болып табылады.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. заңдылық;
2. тәуелсіздік;
3. объективтілік;
4. адалдық;
5. құпиялылық;
6. пропорционалдық;
7. тәуекелге бағдарланған тәсіл;
8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алудың басымдығы;
9. жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау жөніндегі дербес жауапкершілігі;
10. бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлайтын тұлғаларды қудалауға жол бермеу;
11. заңнамада жол берілген шектердегі ашықтық;
12. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін тұрақты жетілдіру.

4-тарау. Жауапты тұлғаның негізгі міндеттері

23. Жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

1. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;
3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
4. сыртқы реттеушілік талаптардың және қолданылатын халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысу;

7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу;

8. мүдделер қақтығысының алдын алуға және оны реттеуге жәрдемдесу;

9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуды ұйымдастыру;

10. болжамды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламаларды қарау;

11. белгіленген тәртіппен қызметтік тексерулер жүргізу және (немесе) оларға қатысу;

12.контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүргізу;

13. заңнамадағы және құқық қолдану практикасындағы өзгерістерге мониторинг жүргізу;

14.ұсынымдар мен қорытындылар дайындау;

15.сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу;

16.есептілік дайындау;

17. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;

18.сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін тұрақты жетілдіру.

5-тарау. Жауапты тұлғаның функциялары

24. Жауапты тұлға мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, жинақтауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге қатысады;

4. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету және жою жөніндегі қабылданып жатқан шараларға мониторинг жүргізеді;

5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту іс-шараларын ұйымдастырады;

7. Кәсіпорын жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтауына мониторинг жүргізеді;

8. жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысады;

10.контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

11. сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер мен хабарламалар негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;

12. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасындағы және сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

13. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалайды;

14. сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді;

15. қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

16. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

17.ұсынымдар мен қорытындылардың орындалуына мониторинг жүргізеді;

18.қызметі туралы есептер дайындайды;

19. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды;

20. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Үлгілік ережеде және Кәсіпорынның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

6-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару

25. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады.

26. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

27. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде, оның ішінде:

1. ұйымдық-басқарушылық процестер;
2. кадрлық процестер;
3. сатып алу қызметі;
4. қаржы-шаруашылық қызмет;
5. шарттық қызмет;
6. мүлікті басқару;
7. мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;
8. контрагенттермен өзара іс-қимыл;
9. қызметтер көрсетуге байланысты процестер;
10.ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар өзге де процестер бағаланады.

28. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері тиісті құжатпен ресімделеді және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындау себептері мен жағдайларын, тәуекелдерді бағалауды, оларды төмендету және жою жөніндегі ұсынылатын шараларды, жауапты тұлғалар мен іске асыру мерзімдерін қамтиды.

29. Жауапты тұлға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

30. Кәсіпорын қызметі, оның ұйымдық құрылымы, заңнама елеулі өзгерген кезде не жаңа мән-жайлар анықталған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау қосымша жүргізілуі мүмкін.

7-тарау. Контрагенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тексеру

31. Сыбайлас жемқорлық және онымен байланысты өзге де тәуекелдерді төмендету мақсатында Кәсіпорын контрагенттердің сенімділігін Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен кешенді тексеруді жүзеге асырады.

32. Контрагенттің сенімділігін тексеру мыналарды талдауды қамтуы мүмкін:

1. құқықтық мәртебесін;
2. тіркеу деректерін;
3. заңды түрде қолжетімді ақпарат шегінде басшылары мен бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді;
4. іскерлік беделін;
5. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы мәліметтерді;
6. ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуын;
7. үлестестігі мен байланысты тұлғаларын;
8. сыбайлас жемқорлық тәуекелін туындатуы мүмкін өзге де мән-жайларды.

33. Тексерудің дәрежесі мен көлемі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейін, контрагентпен болжамды қатынастардың сипатын және мөлшерлестік қағидатын ескере отырып айқындалады.

34. Тексеру нәтижелері бойынша Жауапты тұлға қорытынды және (немесе) ұсынымдар береді.

35. Сенімділікті тексеру сатып алу рәсімдерін және контрагенттерді таңдаудың заңнамада белгіленген өзге де рәсімдерін алмастырмайды.

8-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу

36. Кәсіпорын мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды.

37. Кәсіпорынның жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының туындағаны туралы уақтылы хабарлауға міндетті.

38. 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының тиісті кезеңде қолданыстағы заңнамасының талаптарын және заңнамада және Үлгілік ережеде белгіленген уақытша ережелерді ескере отырып қолданылады.

39. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу туралы күшіне енетін заңнама ережелері ескеріле отырып қолданылады.

40. Мүдделер қақтығысын анықтау:

1. заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жеке мүдделер туралы декларацияларды талдау;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
4. өтініштерді, хабарламалар мен хабардар етулерді қарау;
5. тексерулер, ревизиялар немесе аудит жүргізу;
6. ол болған жағдайда цифрлық кадрлық жүйеге мониторинг жүргізу;
7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған өзге де ақпаратты зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

41. Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде:

1. мүдделер қақтығысы туралы хабарламаларды және хабарлауларды қабылдайды және тіркейді;
2. мән-жайларды талдайды;
3. қажетті құжаттар мен түсініктемелерді сұратады;

4. мүдделер қақтығысының бар-жоғын бағалайды;
5. қорытындылар мен ұсынымдар дайындайды;
6. мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде қабылданған шараларға мониторинг жүргізеді;
7. жұмыскерлерге мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу мәселелері бойынша заңнама талаптарын түсіндіреді.

42. Жауапты тұлғаның ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы қорытындылары және оны реттеу жөніндегі ұсынымдары Кәсіпорын басшысына, тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға не тиісті мәселе оның құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшеге жолданады.

43. Өзінде мүдделер қақтығысы туындаған немесе анықталған жұмыскер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен тиісті шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатыспайды.

44. Жауапты тұлға өзінің мүдделер қақтығысын қарауға қатыспайды. Мұндай жағдайда мәселе Кәсіпорын басшысына не заңнамаға және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес уәкілетті өзге тұлғаға беріледі.

9-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптар

45. Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді.

46. Мониторинг мыналарға қатысты жүргізіледі:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге;
2. қолданылатын бөлігінде қаржылық бақылау шараларының талаптарына;
3. мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу талаптарына;
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті шектеулер қолданылатын тұлғалардың бірлесіп жұмыс істеуіне тыйым салуға;
5. жеке мүдде болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуға не шешімдерге өзге де ықпал етуге тыйым салуға;
6. заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруға тыйым салуға;
7. заңнамада белгіленген жағдайларда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуге тыйым салуға;
8. атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүдделер үшін пайдалануға тыйым салуға;
9. қызметтік өкілеттіктерге кіретін әрекеттер үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды және көрсетілетін қызметтерді алуға және (немесе) беруге тыйым салуға;
10. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында қызметтік және ресми таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салуға;
11. заңнамада белгіленген жағдайларда құмар ойындарға және (немесе) бәске қатысуға тыйым салуға;
12. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де шектеулер мен тыйымдарға.

47. Мониторинг жүргізу кезінде Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтай отырып, құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

10-тарау. Сыйлықтар, іскерлік қонақжайлылық, қайырымдылық және демеушілік

48. Кәсіпорын сыйлықтарға, іскерлік қонақжайлылыққа, өкілдік іс-шараларға, қайырымдылыққа және демеушілікке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

49. Шешімдер қабылдауға ықпал ету немесе құқыққа сыйымсыз артықшылықтар алу мақсатында артықшылықтарды, сыйақыларды, сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді немесе өзге де игіліктерді беруге немесе алуға жол берілмейді.

50. Жауапты тұлға тиісті сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді және оларды төмендету жөніндегі ұсынымдар әзірлейді.

51. Сыйлықтарды есепке алу, келісу, қабылдау және беру тәртібі, сондай-ақ өкілдік, қайырымдылық және демеушілік іс-шараларды өткізу тәртібі қажет болған жағдайда Кәсіпорынның жекелеген ішкі құжаттарында белгіленеді.

11-тарау. Қаржылық және қаржылық емес бақылау шаралары

52. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сай келетін ақылға қонымды және мөлшерлес қаржылық және қаржылық емес бақылау шараларын енгізеді.

53. Қаржылық бақылау шараларына қолданылуына қарай:

1. өкілеттіктерді бөлу;
2. төлемдерді келісу;
3. қаржылық операцияларды құжаттау;
4. шығыстардың негізділігін бақылау;
5. Кәсіпорынның ішкі құжаттарында көзделген өзге де шаралар жатады.

54. Қаржылық емес бақылау шараларына:

1. өкілеттіктерді ажырату;
2. келісу рәсімдері;
3. контрагенттердің сенімділігін тексеру;
4. шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды белгілеу;
5. ақпаратқа қол жеткізуді бақылау;
6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту;
7. мүдделер қақтығысын декларациялау және реттеу;
8. өзге де алдын алу шаралары жатады.

55. Жауапты тұлға тиісті құрылымдық бөлімшелердің функцияларын алмастырмай, көрсетілген тетіктердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.

12-тарау. Ақпараттандыру арналары

56. Кәсіпорын болжамды немесе нақты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзге де талаптардың бұзылуы туралы хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

57. Ақпараттандыру үшін:

1. электрондық пошта;
2. сенім телефоны;
3. арнайы электрондық арна;

4. жазбаша өтініштер;
5. жеке өтініштер;
6. өзге де қолжетімді арналар пайдаланылуы мүмкін.

58. Ақпараттандыру арналары туралы ақпарат жұмыскерлер мен өзге де мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді орындарда және Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

59. Жауапты тұлға:
1. хабарламаларды қабылдауды;
2. оларды тіркеуді;
3. бастапқы бағалауды;
4. одан әрі қарау тәртібін айқындауды;
5. құпиялылықты;
6. нәтижелерді құжаттауды;
7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ақпаратты уәкілетті тұлғаларға немесе мемлекеттік органдарға беруді қамтамасыз етеді.

60. Болжамды бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған тұлғаларды қудалауға жол берілмейді.

61. Көрінеу жалған хабарламалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

13-тарау. Оқыту және коммуникация

62. Кәсіпорын жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тұрақты оқытылуын қамтамасыз етеді.

63. Оқыту:
1. жұмысқа қабылдау кезінде;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдарға тағайындау кезінде;
3. заңнамада елеулі өзгерістер болған кезде;
4. бұзушылықтар анықталған кезде;
5. оқыту жоспарына сәйкес мерзімді түрде жүргізіледі.

64. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында не тәуекелге бағдарланған оқыту жоспарында өзгеше кезеңділік белгіленбесе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

65. Оқыту мыналарды қамтиды:
1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін;
3. мүдделер қақтығысын;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
5. сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылықты;
6. контрагенттермен өзара іс-қимылды;
7. ақпараттандыру арналарын;
8. жауапкершілікті;
9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты;
10. осы Ереженің талаптарын.

14-тарау. Шарттарға қойылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

66. Кәсіпорынның азаматтық-құқықтық шарттарының үлгілік нысандарына, оның ішінде сатып алу шеңберінде жасалатын шарттарға шарттың сипатын, сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейін және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын ескере отырып, қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен ескертпелер енгізіледі.

67. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен ескертпелер тараптардың:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын;
2. адалдық қағидаттарын;
3. іскерлік әдепті;
4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі талаптарды;
5. мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі талаптарды;
6. қолданылатын өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтауын көздеуі мүмкін.

2. белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізуге;

3. тексеру іс-шараларына, қызметтік тексерулерге және қызметтік тергеп-тексерулерге қатысуға;

4. қызметтік тексеру немесе тергеп-тексеру жүргізіліп отырған тұлғалардан, сондай-ақ тиісті тексеру шеңберінде өзге тұлғалардан жазбаша түсініктемелер алуға;

5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің ақпаратын тыңдауға;

6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестерге қатысуға;

7. мәселелерді Кәсіпорын басшысының қарауына бастамашылық жасауға;

8. ұсынымдар мен қорытындылар енгізуге;

9. ұсынымдарды қарау және қабылданған шараларды орындау нәтижелері туралы ақпарат алуға;

10. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге бастамашылық жасауға;

11.қызметіне кедергі келтірілген жағдайда Кәсіпорын басшысына жүгінуге;

12. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуге;

13. жұмыс істеу үшін қажетті кадрлық, ұйымдық және техникалық ресурстарды алуға;

14.кәсіби оқудан және біліктілікті арттырудан өтуге;

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

76. Ақпарат пен құжаттар Жауапты тұлғаға Қазақстан Республикасының дербес деректер, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып беріледі.

17-тарау. Жұмыскерлер мен құрылымдық бөлімшелердің міндеттері

77. Кәсіпорынның басшылары мен жұмыскерлері:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға;

2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және осы Ережені сақтауға;

3. мүдделер қақтығысы туындағаны туралы уақтылы хабарлауға;

4. болжамды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлауға;

5. Жауапты тұлғаның заңды сұрау салулары бойынша ақпаратты, құжаттар мен түсініктемелерді беруге;

6. міндетті сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға қатысуға;

7. заңнамада белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

8. Жауапты тұлғаның заңды қызметіне кедергі келтірмеуге міндетті.

78. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

18-тарау. Қызметті жоспарлау

79. Жауапты тұлғаның қызметі жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

80. Жылдық жұмыс жоспарына:

1. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу;
3. мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту жүргізу;
5. ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу;
6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;
7. ішкі құжаттарды жетілдіру;
8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу;

9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де қызмет бағыттары бойынша іс-шаралар енгізіледі.

81. Кәсіпорында директорлар кеңесі, байқау кеңесі не өзге де тәуелсіз басқару органы болмаған жағдайда, Жауапты тұлғаның жылдық жұмыс жоспарын Кәсіпорын басшысы бекітеді.

82. Қажет болған жағдайда жылдық жоспарға жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, заңнамадағы өзгерістерді және мониторинг нәтижелерін ескере отырып өзгерістер енгізіледі.

19-тарау. Ұсынымдар, есептілік және тиімділік мониторингі

83. Жауапты тұлғаның ұсынымдары мен қорытындылары, оның ішінде ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы қорытындылары және оны реттеу жөніндегі ұсынымдары Кәсіпорын басшысына, тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға не тиісті мәселе оның құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшеге жолданады.

84. Жауапты тұлғаның ұсынымдары мен қорытындылары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде қаралуға жатады.

85. Ұсынымдар қаралғаннан кейін тиісті лауазымды тұлға немесе құрылымдық бөлімше қабылданған шаралар туралы Жауапты тұлғаға хабарлайды не оларды орындаудың мүмкін еместігіне уәжді негіздеме ұсынады.

86. Жауапты тұлға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

87. Мониторинг мыналарды қамтуы мүмкін:

1. анықталған бұзушылықтарды талдау;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
3. өтініштер мен хабарламаларды талдау;
4. ұсынымдардың орындалуын бағалау;
5. оқыту нәтижелерін бағалау;
6. контрагенттердің сенімділігін тексеру нәтижелерін талдау;
7. бақылау іс-шараларының тиімділігін бағалау;
8. заңнамадағы өзгерістерді талдау;

9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді бағалау.

88. Жауапты тұлға жылына кемінде бір рет Кәсіпорын басшысына қызметі туралы есеп береді.

89. Жылдық есепте:

1. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы;
3. оларды жою жөнінде қабылданған шаралар;
4. анықталған мүдделер қақтығысы жағдайлары;
5. мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі шаралар;
6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелері;
7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру жөніндегі ұсыныстар туралы мәліметтер қамтылады.

90. Жауапты тұлға тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жібереді.

20-тарау. Құпиялылық және ақпаратты қорғау

91. Жауапты тұлғаға келіп түсетін құжаттар, мәліметтер, өтініштер мен хабарламалар Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып қаралады.

92. Жауапты тұлға:

1. дербес деректерді;
2. коммерциялық құпияны;
3. қызметтік ақпаратты;
4. заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты;
5. болжамды бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғалар туралы ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

93. Ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жария етілуі мүмкін.

21-тарау. Уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл

94. Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

95. Жауапты тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге жәрдем көрсетеді.

96. Мемлекеттік органдардың сұрау салуларын алған кезде қажетті ақпарат заңнамада белгіленген тәртіппен беріледі.

97. Жауапты тұлғаның қызметіне әдістемелік қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

22-тарау. Жүйені тұрақты жетілдіру

98. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етеді.

99. Жүйені жетілдіру үшін негіздер:

1. заңнамадағы өзгерістер;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері;
3. тексерулердің нәтижелері;
4. анықталған бұзушылықтар;
5. хабарламаларды қарау нәтижелері;
6. ұйымдық құрылымдағы өзгерістер;
7. оқыту нәтижелері;
8. мониторинг нәтижелері;
9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның ұсынымдары;
10. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттардың қолданылатын талаптары болып табылады.

100. Мониторинг нәтижелері бойынша Жауапты тұлға түзету және алдын алу іс-шараларын әзірлейді.

101. Кәсіпорын басшысы ұсынылған ұсынымдарды қарайды және өз құзыреті шегінде тиісті шешімдер қабылдайды.

23-тарау. Жауапкершілік

102. Кәсіпорын басшысы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімді жүзеге асырылуы үшін жағдай жасайды.

103. Жауапты тұлға өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

104. Кәсіпорынның басшылары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын және осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

105. Жауапты тұлға өз функцияларын тиісінше орындаған жағдайда, оның ұсынымдары мен қорытындыларын қарау нәтижесінде Кәсіпорын басшысы немесе құрылымдық бөлімшелер қабылдаған шешімдер үшін жауапты болмайды.

24-тарау. Жариялылық және ақпараттандыру

106. Осы Ереже Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

107. Жауапты тұлға (Комплаенс-офицер) туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), фотосуреті және байланыс деректері:

– Кәсіпорын ғимаратында жалпыға бірдей көруге қолжетімді орындарда;

– Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

108. Кәсіпорын жұмыскерлерге, контрагенттерге және өзге де мүдделі тұлғаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесінің бар екені және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың өзге де бұзушылықтары туралы ақпараттандырудың қолжетімді арналары туралы хабарлайды.

25-тарау. Қорытынды ережелер

109. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Кәсіпорын басшысының бұйрығында өзгеше белгіленбесе, осы Ереже Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

110. Осы Ереженің бекітілуіне байланысты ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК-ның бұрын қолданыста болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесі осы Ереже күшіне енген күннен бастап күшін жойды деп танылады.

111. Осы Ережені іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Үлгілік ережеде 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін нормаларды ескере отырып жүзеге асырылады. Тиісті ережелер олар күшіне енген күннен бастап қолданылады.

112. Көрсетілген нормалар күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының тиісті ережелері және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен белгіленген өтпелі ережелер қолданылады.

113. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, осы Ереже Кәсіпорынның ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде осындай өзгерістерді ескере отырып қолданылады.